



НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ  
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
ИМЕНИ САЛИДАТ КАИРБЕКОВОЙ

# *Антибиотиктер – абайлап қолданыңыздар!*



*Астана 2025 жыл*



**«Біз бұл проблеманы шешетін болмасақ, 20 жылдан кейін біз қайта 19 ғасырға оралып, қалыпты операциядан кейін пациенттердің кәдімгі инфекциялардан өлуіне тап боламыз»**

**Великобританияның бас медициналық офицері,  
профессор Салли Дэвис**

*Антибиотиктердің тарихы*

*70 жылдан аса уақытты қамтиды,  
бұл тарих зеңнен **Пенициллинді бөліп алған**  
британ бактериологы*

***Сэр Алексáндр Флémингтен** бастау алады.*

*“**антибиотик**” антибиос,*

*көне грек тілінен аударғанда*

*(“анти” – **қарсы**, “биос” – **өмір**).*

*Антибиотиктер – адамзаттың*

*ең үлкен жетістігі.*

*Оларды ашқаннан кейін тырысқақ, дизентерия, өкпе қабынуы т.б. сияқты  
асқын аурулар тиімді емделуде. После их откpытия, эффeктивно*

*Антибиотиктер Дәуірі басталды*



## Антибиотиктерге тұрақтылық - микробтардың дәрілік препараттарға үйренуі

*Көптеген жылдар бойы адамзат антибиотиктерді аурумен күресу үшін қолдануда. Осы уақыт аралығында микроорганизмдер өзгеріп, антибиотиктерге тұрақтылықты қалыптасыруды үйренген.*

*Бұл құбылыс жасқа, әлеуметтік немесе этникалық топтарға бөлінбестен, халықтың барлық қабаттарын қозғайды.*



# *Микробтардың антибиотиктерге тұрақтылығының даму себептері*

- *Адамдық фактор;*
- *Антибиотиктердің шектен тыс тағайындалуы;*
- *Антибиотиктердің теріс қолданылуы (ұтымсыз);*
- *Антибиотиктерді өзіндік тағайындау*





*2015 жылы әлемнің Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ассамблеясының 68-сессиясында микробқа қарсы препараттарға тұрақтылықпен күрес бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарын қабылдады.*



## *Дүниежүзілік антибиотиктерді дұрыс қолдану апталығы*

*Жыл сайын 14 қараша мен 20 қарашаға аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен Дүниежүзілік антибиотиктерді дұрыс пайдалану апталығы өткізілді.*

*Апталық шеңберінде (2016 жыл) бұрын, Дәрілік орталығы халық арасынан «**Антибиотиктерге тұрақтылық туралы не білесіз?**» тақырыбында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен құрастырылған сауалнама бойынша **сұрастыру** жүргізді.*

*Өңір: **Астана***

*Мақсатты аудитория: емхана емделушілері*

*Сұрастырылған емделушілер*

*саны: **175** адам*

*Олардың ішінде 47 ер адам және 128 әйел*

*Орта жас: **35,5 жас.***






# Сауалнамалау сұрақтары

## №1 Сұрақ

**Антибиотиктер ... өлтіретін қушті дәрілік заттар болып табылады**

- Вирустарды
- Бактерияларды
- Барлық микробтарды





## №2 Сұрақ

*Антибиотиктерге тұрақты бактериялар адамдар арасында ... нәтижесінде таралуы мүмкін:*


1. Антибиотиктерге тұрақты инфекциясы бар адаммен қатынас;

11,4%



2. Антибиотиктерге төзімді инфекцияға душар болған адаммен қатынас (мысалы, санитария мен гигиена жағдайлары нашар медициналық мекемеде фельдшердің немесе құралдардың көмегімен)

16,6%



3. Антибиотиктерге тұрақты бактерияларды тасымалдаушы тірі жануарлармен, азық – түліктермен немесе сумен қатынас.

5,7%



4. Барлық осы жағдайлар.

66,3%



## №3 Сұрақ

***Сіздің халіңіз жақсарған бойда  
антибиотиктерді қабылдауды тоқтату керек:***

***Дұрыс***

***Дұрыс емес***



## №4 Сұрақ

***Антибиотиктерге тұрақты  
инфекцияны жұқтырсам, не  
болуы мүмкін?***

- мен ұзақ ауыруым мүмкін **12,6%**
- дәрігерге көрінуді жиілету керек немесе емханада емделу керек **23,4%**
- маған жанама әсерлерді шақыратын, қымбат дәрілер қажет болуы мүмкін **13,7%**
- жоғарыда көрсетілгендердің барлығы **50,3%**





## №5 Сұрақ

*Антибиотиктерге тұрақтылық шектен шығып, күшеюде. Мен бұнымен ешнәрсе істей алмаймын:*

*Дұрыс*

*Дұрыс емес*



## №6 Сұрақ

*Мен антибиотиктерге тұрақтылықты жеңуге көмектесе аламын, егер:*

- Өзімді жақсы сезінгенде антибиотиктерді қабылдауды тоқтатпасам* **17,7%**
- Ауырған бойда, дәріханадан сатып алып немесе достарымның кеңесі бойынша антибиотиктерді қабылдамаймын* **39,4%**
- Вакцинациялау уақытын ұстансам* **42,9%**



# Не анықталды?

- Емделушілер антибиотиктерді қолдану ережелері жөнінде нашар біледі; 
- Халық арасында антибиотиктерді қолдану дағдыларын жетілдіру мақсатында ауқымды түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет;
- Халықта антибиотикке тұрақтылықтың өрбуіне қатысты жалпы жауапкершілікті түсінік бар. 



## Әрқайсымыз не істей аламыз?

- ✓ Дәрігердің тағайындауынсыз, өзіндік емделу тәртібінде антибиотиктерді қолданбау;
- ✓ Вирусты инфекцияны емдеуде антибиотиктерді қолданбау;
- ✓ «Алдын алу үшін», «ешнарсе болмауы үшін», «сақтандыру үшін» антибиотиктерді қолданбау;
- ✓ Жақсару белгілерін сезінгенде антибиотиктерді қабылдауды тоқтатпай, дәрігермен белгіленген толық емдеу курсы бітіру;
- ✓ Дәрігермен белгіленген антибиотик дозасын өзгертпеу;
- ✓ «Қымбат және тастауға аянышты » деген оймен емдеу курсы біткен уақытта да, антибиотикті қабылдауды тоқтату;
- ✓ Сізге тағайындалған антибиотиктерді басқа адамдарға бермеңіз;
- ✓ Егер дәрігер антибиотикті тағайындамаса, бұл аяғанын емес ол сізге көрсетілмегенін білдіреді.

Одан өтінудің, шағымданудың немесе басқа дәрігерге жүгірудің қажеті жоқ.



Антибиотиктерді

тек дәрігер тағайындаған

жағдайда ғана адам

антибиотиктерге

тұрақтылықтың дамуына

қарсы тұруға

көмектесуі мүмкін.



**Есте сақтаңыз, «anti bios» атауы –  
өмірге қарсы деген ұғымнан шыққан!**



- *НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!*
- *СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!*
- *THANK YOU FOR ATTENTION!*